



**Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 23 сәуір N 645. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.11.22. N 1642 қаулысымен

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесінің реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3377 U973377\_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар

министрлігі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі 5 мамырға дейін мерзімде таратылған министрліктердің қызметіне байланысты құжаттамаларды қабылдауды және беруді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 23 сәуірдегі  
N 645 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи  
ресурстар министрлігі (Энергетика және табиғиресурсмині)  
туралы  
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар

министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Министрлік электр энергетикасына, мұнай, газ, тау-кен және атом өнеркәсібіне, жер қойнауын қорғау мен пайдалануға мемлекеттік басқаруды, сондай-ақ заңдарда көзделген шектерде-салааралық үйлестіруді жүзеге асырады.

2. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Министрлік аппаратын ұстау шығыстары республикалық бюджетте орталық атқарушы органдарды ұстауға көзделген қаржы есебінен қаржыландырылады.

4. Министрліктің құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

5. Министрлік заңды тұлға болып табылады, оның банкте шоттары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және қазақ және орыс тілдерінде өз атауы бар мөрі болады.

## II. Министрліктің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

6. Министрліктің өз қызмет аясындағы негізгі міндеттері: электрэнергетикасын, мұнай, газ, тау-кен және атом өнеркәсібін дамытудың, сондай-ақ минералдық ресурстарды геологиялық зерделеудің, ұтымды және кешенді пайдаланудың және жер қойнауын қорғаудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарын әзірлеу мен іске асыру;

электр энергетикасының, мұнай, газ, тау-кен және атом өнеркәсібінің тиімді жұмыс істеуі, Қазақстан Республикасының жер қойнауын геологиялық зерделеу мен пайдалану үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында экономикалық реформалар жүргізу;

стратегиялық дамудың және реттелетін салалар объектілерін орналастырудың негізгі параметрлерін белгілеу;

реттелетін салалардағы қызметті жүзеге асыратын меншік нысанына қарамастан, кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру;

отын-энергетика балансын әзірлеу және оны іске асыруды қамтамасыз ету; жер қойнауын мен геологиялық ақпараттың бірыңғай мемлекеттік қорын қалыптастыру, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттарды мемлекеттік тіркеу мен сақтау;

мемлекеттік жер қойнауын қорын басқару және жер қойнауын қорғау; пайдалы қазбалар қорларының бабын белгілеу мен бекіту, жер қойнауы мен

жер қойнауын пайдаланушылардың мониторингі;  
жыл сайын Үкімет бекітетін, жалпы кең таралған түрлерін қоспағанда,  
пайдалы қазбалардың барлық түрлері бойынша Қазақстан Республикасының жер  
қойнауын геологиялық зерделеу мен игерудің инвестициялық  
бағдарламаларының негізінде Қазақстан Республикасының мүдделері мен оны  
табиғи ресурстарын қорғау мақсатында жер қойнауын пайдалану жөніндегі  
операцияларды жүргізуді реттеу;

пайдалы қазбалардың барлық түрлерінің кен орындары әлеуетін игеру мен  
тиімді пайдаланудың жағдайына бақылау жасау бойынша бірыңғай мемлекеттік  
саясатты жүзеге асыру;

реттелетін салалардың жұмыс істеуі үшін құқықтық және нормативтік базаны  
халықаралық тәжірибе мен нарықтық экономиканың талаптарына сәйкес келтіру  
жөніндегі әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

кәсіпорындар қызметінің мониторингі және нарық конъюнктурасын зерделеу;

реттелетін салаларда кадр саясатын ұйымдастыру, кадрларды даярлау және  
қайта даярлау;

Министрлікке жүктелген өзге де міндеттер болып табылады.

7. Министрлік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:  
мемлекет иелігінен алу, қайта құрылымдау, жекешелендіру және  
монополиялық қызметті шектеу саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру  
үшін қолайлы әлеуметтік-экономикалық және құқықтық жағдайларды  
қамтамасыз етеді;

реттелетін салалардың жұмыс істеуі мен дамуы мәселелері бойынша  
министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, ведомстволармен, жергілікті  
атқарушы органдармен және республиканың қоғамдық ұйымдарымен өзара  
бірлесіп іс-қимыл жасайды;

экономиканы сауықтыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге қатысады және ол  
бойынша шараларды жүзеге асырады;

кәсіпкерлікке, шағын және орта бизнеске қолдау көрсетеді;  
отын-энергетика ресурстарының ұтымды және үнемді пайдаланылуын, электр  
және жылу энергиясының реттелетін нарығын құруды қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Үкімет оның құзыретіне  
берген қызмет түрлері бойынша лицензиар функциясын жүзеге асырады;

ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды және оларды іске  
асыру кезіндегі бақылау функцияларын қоса алғанда, мемлекет мұқтажы үшін  
геологиялық зерттеулер жүргізуге мемлекеттік тапсырыс беруші функциясын  
жүзеге асырады;

лицензиялау мәселелері Қазақстан Республикасында жер қойнауын

пайдаланушылармен жалпы кең таралғандарын қоспағанда, пайдалы қазбалардың барлық түрлері бойынша контрактілер жасау мен оларды орындау бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретті органы функциясын атқарады ;

жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарды мемлекеттік тіркеу мен сақтау жөніндегі Үкіметтің құзыретті органы болып табылады;

энергияны үнемдеу, энергияның қайта жаңғыртылатын және дәстүрлі емес көздерін пайдалану саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуді және оны жүзеге асыруды ұйымдастырады ;

қоршаған ортаны қорғау және техногендік ықпалды төмендету, қондырғылар мен жабдықтарды пайдалануда сенімділік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі саясатты жүргізуге қатысады;

реттелетін салалардың жұмыс істеуі мен дамуы жөніндегі ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді, соның ішінде басқа ведомстволар, консультациялық фирмалар әзірлеген инвестициялық жобаларды сараптауды, сондай-ақ ақпаратты жинау, өңдеу және пайдалануды, статистика жөніндегі зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады ;

халықаралық ұйымдарда республика мүдделерін білдіреді, өз құзыреті шегінде халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын әзірлеуге қатысады;

халықаралық ұйымдармен қарым-қатынас пен ынтымақтастықты ұйымдастырады ;

шетелдік несие мен инвестицияларды тарту және пайдалану жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныстар жасайды;

квоталар мен лицензиялардың, шарттық қатынастар мен келісім-шарттардың қолданылып жүрген тетіктерін қолданып, өнімді экспорттау мен импорттау, оны әкелу мен әкетуді реттеу саласында мемлекеттік саясатты жүргізуге қатысады;

өз қызметінің аясында заңдардың қолданылу тәжірибесін талдап қорытындылайды, оны жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді, құқықтық және басқа да нормативтік актілердің жобаларын дайындауға қатысады, оларды Үкіметтің қарауына ұсынады ;

Қазақстан нарығында материалдардың, жабдықтардың, қызмет көрсетілердің қазақстандық өндірушілерінің мүдделерін қорғау тетіктерін әзірлейді;

еңбек ұжымдары мен кәсіпорындардың меншік иелері арасындағы әлеуметтік-экономикалық әріптестікті ұйымдастыруға қатысады;

Министрлікке Қазақстан Республикасының заңдары, Президенті мен Үкіметі жүктеген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

8. Министрліктің өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асырған және міндеттемелерді орындаған кезде мыналарға:

өз құзыреті шегінде ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, барлық кәсіпорындар, ұйымдар мен басқа да шаруашылық жүргізуші субъекттер үшін орындауға міндетті бұйрықтар, нұсқаулар, әдістемелік нұсқаулар мен басқада нормативтік актілер шығаруға және олардың орындалуын тексеруге. Қажет болған жағдайларда басқа министрліктермен және ведомстволармен бірлескен актілер шығаруға;

орталық және жергілікті атқарушы органдардан, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан, кәсіпорындар мен ұйымдардан, лауазымды адамдар мен азаматтардан белгіленген тәртіппен құжаттар, қорытындылар, анықтамалық және басқа да материалдар мен ақпараттар сұратуға және алуға;

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен өзіне берілген өкілеттіктерге сәйкес мемлекеттік меншіктегі мүлікке иелік етуге, оны пайдалануға және басқаруға;

өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының және басқа елдердің кәсіпорындарымен, мекемелерімен және ұйымдарымен келіссөздер жүргізуге және келісімдер жасасуға;

заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан жер қойнауын пайдалану объектілеріне конкурс жариялауға және жер қойнауы объектілері бойынша осы конкурстарды өткізу мерзімдерін белгілеуге;

экономикалық, экологиялық, құқықтық сараптамалардан кейін ғана жалпы кең таралғандарынан басқа пайдалы қазбалардың барлық түрлері бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісім-шарттарға Үкімет атынан қол қоюға;

Үкіметтің тапсырмасымен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қол қоюға;

лицензияланатын қызмет аясында бірыңғай техникалық саясат жүргізуге; өнімнің, қызмет көрсетулердің бәсекелестік қабілеті бар, сапалы

және қауіпсіз түрлерінің нарығын қалыптастыруға және дамытуға көмектесуге;

ведомстволық бағынысты мекемелер мен ұйымдардың қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыруға;

энергияны үнемдеу бағдарламаларының жүзеге асырылуына бақылау жасауға және Қазақстан Республикасындағы энергияны үнемдеу саясатын жалпы үйлестіруге;

мемлекеттік кәсіпорындар мен өзге де ұйымдарды құру, қайта құру және тарату мәселелері жөнінде Үкіметке ұсыныстар енгізуге;

жер қойнауын қорғау мен пайдалану жөніндегі аймақтық басқармалар құруға;

заңдарда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқығы

бар.

### III. Министрліктің қызметін ұйымдастыру

9. Министрлік пен оның аумақтық органдары Министрліктің біртұтас жүйесін құрайды.

10. Министрліктің орталық аппараты Министрліктің қызметін қамтамасыз ететін департаменттер мен құрылымдардан тұрады. Департаменттердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Министрлікте (оның жанында) комитеттер (агенттіктер) құрылуы мүмкін.

11. Оның қызмет аясындағы Департаменттің негізгі міндеттері Департамент директорының ұсынуы бойынша Министр бекітетін Департамент туралы ережеде белгіленеді. Заңды тұлға болып табылатын департаменттер мен комитеттер (агенттіктер) туралы ережелерді Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

12. Департаментті Министр қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Директор басқарады. Заңды тұлға болып табылатын Департаменттің Директорын Министрдің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Департамент Директорының қызметке Департамент Директорының ұсынуымен Министр тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары болады.

Департаменттің құрылымын Министр бекітеді.

13. Департаменттің Директоры Департамент жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Департаментке жүктелген міндеттер мен оның өз функцияларын орындауы үшін жеке жауап береді.

14. Министрлікті Министр басқарады.

Министрді Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Министрдің бір орынбасары - вице-министрі болады, оны Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

15. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Министрлікке жүктелген міндеттер мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауап береді.

Осы мақсатта Министр: өзінің орынбасарының, департаменттер директорларының,

Министрліктің басқа қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерінің ауқымын белгілейді;

Министрлік қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

Министрліктің қызметін қамтамасыз ететін құрылымдар туралы ережелерді бекітеді;

өз құзыретіне жатқызылған басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

16. Министрлікте құрамында Министр, оның орынбасары және департамент басшылары бар алқа құрылады. Алқа құрамына басқа да адамда кіруі мүмкін.

Алқаның сандық құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Алқаның жеке құрамын Министр бекітеді.

17. Өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Министрлік шешімдер қабылдайды, олар орталық және жергілікті атқарушы органдардың орындауы үшін міндетті болады.

Министрлік қабылдаған шешімдер Министрдің бұйрығымен ресімделеді.

18. Министрдің орынбасары Министр болмаған жағдайда оның міндетін атқарады. Министр жүктеген басқа да міндеттерді жүзеге асырады.